Облыста қазір жылдық өндіріс қуатты 87,5 мың тонна ет өңдейтін 15 кәсіпорын; жылына 137 мың тонна сүт өнімдерін өндіретін 14 кәсіпорын; жылына 794,8 мың тонна ұн дайындайтын 36 зауыт; жылына 101,4 мың тонна майлы дақылдарды өңдейтін 8 кәсіпорын бар. Бұдан бөлек, шағын көлемде азық-түлік өндірісімен айналысатын серіктестіктер де аз емес. Осы өндіріс орындары өнімдерінің дені бас қаланың базарында сатылымға шығады. Ақмола облысының Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметі бойынша қазіргі таңда облыста 130-ға жуық өндіріс ошағы Астананы азық-түлікпен қамтамасыз етуге атсалысып, «Магнум», «Астықжан», «Смолл», «Еуразия», «Әлем», «Шапағат» базарлары сынды 44 ірі сауда орындарына өз өнімдерін жеткізуде. Мұның ішінде 70-ке жуық кәсіпорын мал шаруашылығы өнімдерін (ет және ет өнімдері, сүт және сүт өнімдері), 8 кәсіпорын құс өнімдерін (құс еті, жұмыртқа), 50-ден астам кәсіпорын өсімдік өнімдерін (ұн, картоп, көкөніс, өсімдік майы және т.б.) жеткізеді.

Сондай-ақ қазіргі уақытта Астана өз тұрғындарын сапалы әрі арзан азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін агроөнеркәсіп кешені мен сауда инфрақұрылымын дамытуға баса назар аударып отыр. Мәселен, қаладағы агроөнеркәсіп кешенінде Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары өнімін шығаратын 40-қа жуық кәсіпорын жұмыс істеп тұр.

Мемлекеттің тапсырмасына сәйкес, елдегі базарларды жаңғырту жұмыстары 2025 жылдың соңына дейін толықтай аяқталуы тиіс. 2026 жылдан бастап сауда заңнамасында көрсетілген заманауи форматқа сай келмейтін сауда базарларының иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Жалпы Ұлттық даму жоспарына сай 2029 жылға дейінгі заманауи сауда форматының үлесін 70% жеткізу жоспарланған. Астанада 9 мамандандырылған базар бар. Базарларды жаңғыртудың Жол картасына сай 2025 жылдың соңына дейін Астанада 7 базарды жаңғырту жоспарланып отыр. 2025 жылы жеке инвестициялар есебінен жалпы ауданы 16,7 мың шаршы метрді құрайтын көпфункционалды фермерлік базар (ТОО «Farmers Mart») іске қосылады деп жоспарланған, жобаның құны – 6 миллиард теңге. Сондай-ақ 8 мың тонна сақтау қуатына ие көкөніс сақтайтын қойма (ТОО «Asian Fruits Market») құрылысы бойынша инвестициялық жоба жүзеге асырылуда, оның жалпы инвестиция көлемі – шамамен 1,3 миллиард теңге. Құрылыс 2026 жылы аяқталып, пайдалануға берілмек.

– Қала нарығында жергілікті өнімдердің үлесі көбейеді. Бұл тек қаланың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар отандық өнім өндірушілерді қолдауға мүмкіндік береді. Қала тұрғындары сапалы әрі арзан өнімдерді қолжетімді бағада сатып ала алады. Азық-түлік белдеуінің арқасында қалаға азық-түлік жеткізу жолдары қысқарады. Жергілікті өнімдерді тасымалдау шығындары төмендейді, бұл өз кезегінде өнім бағасының тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді. Астананың азық-түлік белдеуі аграрлық сала кәсіпорындарына жаңа мүмкіндіктер туғызады. Ауылшаруашылығы өнімдерінің саудасы мен өндірісі ұлғаяды, бұл жұмыс орындарын ашып, ауылды жерлердің экономикалық дамуына ықпал етеді. Экологиялық қауіпсіздік тұрғысынан, қала маңында орналасқан аграрлық аймақтар экологиялық таза өнімдер өндіруге мүмкіндік береді. Бұл қала тұрғындарының денсаулығына да оң әсерін тигізеді, – деді Астанада Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшесі Сания Ирсалиева.

Қазіргі таңда Астана маңында агроөнеркәсіп кешеніне негізделген жобалар іске асырылып жатыр. Әсіресе, фермерлік нарықтар мен көкөніс сақтайтын қоймалар сияқты инфрақұрылымдар көптеп салынуда. Бұл жобалар қала тұрғындарына сапалы әрі қолжетімді азық-түлікті жеткізуге ықпал етеді.

Қысқасы, Астана қаласының азық-түлік белдеуі – бұл тек азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар қаланың аграрлық секторын дамыту, жергілікті өнімдерді қолдау және экологиялық тұрғыдан таза өнімдерді нарыққа ұсыну мақсатында маңызды стратегиялық қадам болмақ.

# КӘСІПТІК БІЛІМ ҚАУҚАРЫ ҚАНДАЙ?

Республика бойынша кәсіпорындарда 130 мыңға жуық білікті маман тапшы. Мұны Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі растап отыр. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүргізген сауалнама қорытындысы бойынша нарыққа ең қажеті – техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар. Кәсіптік білім беруді арттырып, жастарды осы салаға тарту мақсатында биыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» жарияланды. Себебі еңбек нарығында жұмыс ұсынылғанымен, саланы жетік меңгерген техник, механик, инженерлер жоқ. Өкінішке қарай, колледж бітірген студенттердің басым бөлігі мамандығы бойынша жұмыс істегеннен гөрі, таксист не курьер болғанды құп көреді.

Индира **БЕРЖАНОВА**

### РЕФОРМАЛАУ САЛАНЫ ІЛГЕРІЛЕТЕ МЕ?

Бүгінде елімізде кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде 772 колледж жұмыс істейді, онда 565 мың студент оқиды. Ал Астана қаласында техникалық және кәсіптік білім беру кадрларын даярлайтын 32 колледж (мемлекеттік – 9, жекеменшік – 23) бар. Мұнда 73 мамандық және 121 біліктілік қарастырылған. Елорда колледжерінде 36 360 студент оқиды, оның ішінде 24 546 студент (68%) ақысыз негізде білім алады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2024-2025 оқу жылында колледжге түскен студенттердің 73%-ы бюджеттік негізде білім алуда. Бұл – соңғы 14 жылдағы рекордтық көрсеткіш. Колледждердің тартымдылығын арттыру мақсатында грант саны артқаннан бөлек, шәкіртақы мөлшері де 50%-ға өсті. Десе де, елімізде студенттердің тек 57%-ы техникалық мамандық бойынша оқыса, қалған 43%-ы жұмысшы мамандықтан гөрі, денсаулық сақтау, құқық, білім беру және ақпараттық технологиялар салаларын таңдаған. Жұмысшы мамандықтарының үлесін арттыру үшін техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалаудың қажеті туып отыр.





Осы мақсатта, Оқу-ағарту министрлігі Кәсіптік-техникалық білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасын бекітті.

Астана қаласы техникалық колледжінің директоры Абай Құрманқұловтың айтуынша, атаулы жыл еліміздің өркендеуіне ықпал ететін жұмысшы резервін қалыптастыруға тікелей ықпал етпек.

– Техникалық және кәсіптік білім беру саласын және жұмыс берушілермен арадағы байланысты арттыру бағытындағы реформалар еліміздегі экономиканың жалпы өсімін арттыруға септеседі. Техникалық колледж бірнеше рет трансформацияланып даму жолынан өтті, соңғы жылдары оқу процесін жоспарлау жетілдіріліп, колледждің материалдық-техникалық базасы айтарлықтай нығайтылды. Сәйкесінше, мектеп оқушыларының колледжге түсуге деген қызығушылығы жылдан-жылға артып отыр. Былтыр колледж 320 студентті қабылдады, қабылдау көрсеткіш өткен жылдармен салыстырғанда 2 есеге артқан, – деді А.Барманқұлұлы.

### ТЕХНИКАНЫҢ ТІЛІН БІЛЕТІН МАМАН ТАПШЫ

Дегенмен, колледжге түскендердің өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаспауы алаңдатып отыр. Жастар саладағы жалақының аздығынан әлдеқайда көп табыс табатын мобилограф, официант, тамақ өнімдерін жеткізуші секілді жұмыстарға орналасып жатады. Айлықтағы айырмашылықтан кәсіптік білімін растайтын дипломның да құны қалмайды. Елордалық техникалық колледжінің директоры Абай Құрманқұлов бұған жұмысшы мамандықтарына төленетін айлық мөлшерінің төмен болуы әсерін тигізіп отырғанын айтады. Мәселен, қызметін енді бастаған сантехниктің орташа жалақысы 100-150 мың теңге шамасын құрайды. Салдарынан өндіріс-өнеркәсіптегі жұмыс үрдісі жастарға қызықсыз. Десе де, директордың сөзінше, локомотив машинисінің көмекшісі, электр монтері, кең бейінді станокшы, лифт және эскалатор электр механигі секілді мамандықтар бойынша колледждің былтырғы түлектерінің 98 пайызы жұмысқа орналасқан.

Техникалық мамандарды арттыру мақсатында 2012 жылы дуалды оқыту жүйесі жүзеге енгізілді. Техникалық колледждің тәжірибесінде дуалды оқытумен студенттердің 60 пайызы қамтылып отыр. Алайда дуалды оқыту болғанның өзінде, түлектер тәжірибеден өткен кәсіпорындарға барып жұмыс істемейді. Мұны растаған «Қазақстан Республикасының лифт компаниялары қауымдастығы» ЗТБ төрағасы Нұрлан Құттыбаев нарыққа жас әрі білікті жұмысшы мамандар қажет екенін айтады.

– Бас қаланың «Астаналифт» ЖШС мекемесінде электромеханик, лифт жабдығын реттеуші, диспетчерлік байланысқа қызмет көрсету жөніндегі техник, лифт бойынша диспетчер секілді мамандарға қажеттілік өте жоғары. Лифтіге қызмет көрсету бойынша жоғары білікті маман болу үшін білім мен тәжірибе жинақтау керек, заманауи әдістер мен технологияларды мақсатты түрде үйрену керек, бірақ жастар бұған жасқаншақ келеді. Себебі нарықта жоғары табысы бар ұсыныстар тұрғанда, олар үшін техникалық мамандықтар тартымсыз. Десе де, мекемеде қазіргі уақытта колледжді бітірген және мамандығы бойынша жұмыс істейтін студенттер бар. Алайда олардың саны өте аз, – деді Н.Құттыбаев.

### БІЛІМ АЛУҒА БАР ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН БА?

Колледждердегі білім сапасына әсер ететін тағы бір фактор – заманауи жабдықтардың жетіспеуі. Бүгінде еліміз бойынша 180 колледж ғана «Жас маман» жобасы аясында заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мемлекеттік грантты ұтып алған студенттер оқу барысында осы күні өндірісте пайдаланылып жүрген жабдықтармен емес, өткен ғасырда жасалған көнерген технологиялармен танысады. Астаналық мемлекеттік колледждердің бірін былтыр электр-техник мамандығы бойынша бітірген Ілияс Еркебұлан оқу орнында инфрақұрылымның ескіріп, компьютерлердің бірнеше жылдар бойы жаңартылмай отырғанын айтады. Десе де, нарықта бәсекеге қабілетті колледждер де жоқ емес. Жекеменшік «Медициналық-техникалық колледжінде» 1-курс студенті Ахмед Есенгелді оқу материалдары заманға сай жабдықталған дейді. Бірақ студенттердің шәкіртақысын кешіктіру, электронды журнал жүйесінің әлі де іске қосылмауы, жатақханадағы орындардың қымбат болуы сапалы білім алуға кедергі. Сондықтан техникалық бағытта маман дайындау мәселесін қайта қарау кезек күттірмейді.




**Қазақстанда МӘМС жүйесі 2017 жылы енгізіле бастағаны белгілі. Алайда 2020 жылдың 1 қаңтарында ғана жүзеге асты. Яғни осы кезден бастап барлық жұмыс істейтін азамат МӘМС жарнасын төлеуге міндетті болды. Ал мемлекеттік көмекке мұқтаж әлеуметтік топтар мен жұмыссыздар үшін жарна мемлекет есебінен еді.**

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

# МӘМС-тің МӘНІСІ КЕТТІ МЕ?

## ЖЕТІСТІГІНЕН ЖЕТПЕГЕНІ КӨП ЖҮЙЕ

Ашығын айту керек, МӘМС жүйесі 2020 жылы толық іске қосылғаннан кейін барлық азаматқа қолжетімді болды. Соңғы 4 жылда медициналық қызметтердің тізімі кеңейіп, түрғындар үшін көрсетілетін қызмет сапасына мән беріле бастады. Медициналық қызметтерді цифрландыру және онлайн-қызметтерді дамытуға көңіл бөлінді. Осы уақыт аралығында пациенттерге телемедицина, онлайн-жазылу, электрондық денсаулық паспорты секілді қызметтер ұсыныла бастады. Әсіресе жекеменшік және мемлекеттік медициналық мекемелер арасында бәсекелестік күшейді. Дегенмен еліміздің өңірлерінде қызмет сапасына қатысты сын толастамады. Ауылдарда, шағын қалаларда дәрігерлер мен медициналық мекемелердің саны әлі де жеткіліксіз. Көп жағдайда медициналық қызмет алу үшін кезектің ұзақ болуы түйінді мәселеге айналды. Әсіресе жоспарлы емдеулер мен мамандарға жазылу қиынға соғуда. Халық арасында МӘМС жүйесіне қатысты сенімсіздік көбейді. Сарапшылар жүйе толықтай тиімді әрі үйлесімді жүйеге айналуы үшін әлі де кейбір салаларды жетілдіру қажет екенін алға тартады. Бірақ тәжірибе жинақталып, уақыт өте келе жақсара түседі деп күткенімізге де 5 жыл өте шығыпты. Күні кеше Үкімет сағатында Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері талқыланған тұста біраз кемшілік ортаға салынды. Халық қалаулылары МӘМС жүйесіне қатысты сын-пікірді қарша боратты.

## ТҮБІ ТЕСІК ҚАЙЫҚТАН ҚАЙРАН ЖОҚ

Депутат Асхат Аймағамбетов бұл жүйені дәл осылай сынады. «Қайықтың түбі тесіліп, оған су жинала береді. Су тоқтар емес, ал қайықшы бұл тесікті жамаудың орнына қолына шелек алып, сол суды сыртқа төгумен әлек. Әрине, бұл ештеңе бермейді. Су әрі қарай жинала береді, қайық әрі қарай бата береді. Міне, дәл осындай жағдай бүгінде МӘМС жүйесінде орын алып жатыр. Мәселенің негізгі себебін жоюдың орнына тек оның салдарымен ғана күрес жүріп жатыр. Жүйелі реформаның орнына уақытша шаралар, бастысы стратегиялық көзқарас жетіспейді. МӘМС-тің қазіргі моделі медицинаны халыққа қолжетімсіз етіп, шығынды көбейтіп, қаражаттың тиімсіз жұмсалуына әкеліп отыр» дейді. Ол МӘМС бойынша 5 айлық сәбидің тісінің қалай емдеуге болатынын, сонымен қатар бір адам 82 тісін емдеткенін, соған қаражат төлеу үшін қорға тісті есеп бергендерге күйінді.

Тағы бір белгілі болған дерек, бір күнде бір адамға бір аурухана 32 қызмет түрін көрсеткен. Міне, МӘМС аясында енгізілген қаржыландыру жүйесінің өзі артық есеп көрсетуге итермелеп отыр.

«Қазір қаражат әр емделген жағдай үшін емес, әр қызмет үшін төленеді. Нормативтер жоқ, цифрландыру жоқ, ал клиникалық хаттамалар мен тиісті стандарттар бұлыңғыр, ашық емес» деп сынады депутат.

Ал әріптесі Нартай Сәрсенғалиев, МӘМС-тің жұмыс істеп жатқанына 6 жыл болғанына қарамастан, өзекті мәселелер сол күйі қалып қойғанына тоқталды.

«Былтыр Президент тапсырған медициналық көмектің бірыңғай топтамасы да жасалған жоқ. Оған қоса, Мемлекет басшысы айтқан «Жергілікті билік өкілдері, әкімдіктер әлеуметтік осал топтардың кейбірінің медициналық сақтандыруын жергілікті бюджеттен төлесін» деген бастамасы да жүзеге асқан жоқ. Осы МӘМС-ті жасау арқылы халықты сынақ алаңына салып жіберген сияқтымыз. Бұрынғы жүйе де, қазіргісі де жұмыс істеп тұрған жоқ. Халық қайда барып ем аларын білмейді. Онсыз да басы қатып жүрген халықтың басын қатырмай, егер мүмкіндік болса, осы жүйені жүйелеп, нақты 100 пайыз дұрыс жұмыс істейтін деңгейге жеткенше, неге МӘМС жүйесін тоқтата тұрмасқа?! Өйткені елімізде 20 млн адам бар. Оның 3,5 млн-ы тіркелмеген, ал 14 млн адамның медициналық шығынын мемлекет көтереді. Сонда сақтандыру жарнасын төлеп отырған 2 млн адам ғана қалады. МӘМС-ті бір жүйеге келтірсек, оны басқаша емдеудің жолын табармыз» деді ол.

## ТИІМСІЗ ТҰСТАРЫН ТАРҚАТСАҚ...

Жалпы еліміз бойынша 3 миллионнан астам адам МӘМС жүйесінен тыс қалып, медициналық қызметтерге қол жеткізе алмай отыр. Денсаулық сақтау жүйесінің кейбір салаларына қаражат жетіспейді екен. КТ, МРТ секілді компьютерлік зерттеулер жүргізуге шамадан тыс жүктеме көп. Кредиторлық берешек туралы мәселе өз алдына талқылауды қамтамасыз етеді. Осы ретте денсаулық сақтау саласының сарапшысы Аяулым Тұрапбекқызы МӘМС жүйесінің бірнеше тиімсіз тұсын тарқатып берді.

«Ең алдымен қызмет сапасының төмендігін айтуымыз керек. Жарна мөлшері, оның ішінде жұмыссыздар немесе өз бетінше жұмыс істейтін азаматтар үшін ай сайын өз қалтасынан төлеу оңай емес. Медициналық ұйымдардың инфрақұрылымын жаңартып, техникалық жабдықтарын модернизациялайтын уақыт әлдеқашан келді. Қолжетімділік пен әкімшілік процестерді жеңілдету, қаржылық басқаруға шынайы мониторинг жасап, қате шығындар мен бюджеттік алшақтықты жою керек. Жалпы соңғы жылдары жүйе дамып келе жатыр, бірақ әлі де шешімін табуы керек мәселелер бар» дейді ол.

Айтуынша, Қазақстанда МӘМС жүйесін жақсарту үшін аталған мәселелерді шешу уақытты, ресурстарды және жүйелі реформаларды талап етеді. Бірақ осы бағытта нақты қадамдар жасалса, медициналық қызметтердің сапасы артып, халықтың денсаулық деңгейі жоғарылайтыны сөзсіз екенін тілге тиек етті.

## ҚАНДАЙ ҰСЫНЫСТАР БАР?

Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан дәл осы жүйені жетілдіруге қатысты бірнеше ұсыныс айтты. Оның пікірінше, қазір емханалар іс жүзінде ай сайын квота арқылы қаражат алады. Мысалы, бір айға КТ, МРТ жасауға белгілі бір квота беріледі. Ал егер науқастар саны бұдан көп болса, онда дәрігер науқасты келесі айға жазуға мәжбүр. Осыны ескерсек, ай сайынғы қаржыландыруды әр емхана өздері шешуі керек.

«Медициналық ақпараттық жүйелер (КМИС, Damumed, РБиЖФВ, ХПН-портал, гепатит-портал, НРБТ) арасында байланыс жоқ. Дәрігерлер науқастардың дерегін түрлі медициналық ақпараттық жүйеге енгізуге мәжбүр болғандықтан, науқастарды қарауға уақыты да жоқ. Бір науқасты тексеруге берілетін стандартты уақыт компьютер толтыруға кетіп отыр. Сондықтан дәрігерлердің жүктемесін азайту мақсатында бірыңғай ақпараттық жүйені іске қосу керек немесе жоғарыда аталған медициналық ақпараттық жүйелер арасында байланыс болуы керек» деп есептейді депутат.

Одан бөлек, медициналық ұйымдарға жалпы жасалған қызметіне қарай қаржы төлену керектігін, азаматтарда «сақтандырылған» мәртебесі болмаған жағдайда онымен медицина қызметкерлері емес, азаматтарды қолдау орталығы немесе әлеуметтік қызметкерлер айналысу керектігін ұсынады.

«Тағы бір түйткілді мәселе – сызықтық шкаланың (линейная шкала) қолданылуы. Сызықтық шкала әр емхана мен аурухананың емдейтін сырқаттарының санын квоталап, шектейді. Салдарынан медициналық ұйымдар науқас қанша жерден медициналық сақтандырылған болса да бетін қайтаруға мәжбүр. Ол үшін МӘМС ақша төлемейді. Осы себепті сызықтық шкаланы алып тастауды ұсынамыз» деп мәлімдеді Ж.Әшімжан.

Ал депутат Асхат Аймағамбетов төлеушілердің жеке пайдасына бағытталған қосымша ынталандыру шаралары қажет деп есептейді.

«Ұсынылған шешімдердің бірі – қызметкердің жарнасының бір бөлігін жеке шотқа аудару арқылы жеке жинақтар қалыптастыру мүмкіндігін беру. Мысалы, бұл жарна сомасының 30-50 пайызын құрауы мүмкін. Бұл қаражат тек азаматтың өз қалауы бойынша емделуге, ерікті медициналық сақтандыру жүйесі арқылы немесе жинақ ретінде сақталуға пайдаланылады. Азаматтар сонда өз жарналарының бір бөлігіне ие болып, жинап, басқарып, қажет болған жағдайда, ерікті полис сатып алып, денсаулығын сақтандыра алатынын түсінетін болады. Сонда ғана МӘМС-ке деген қызығушылық пен сенім артады» деген ұсынысын білдірді.

> Жалпы 2024 жылы денсаулық сақтау саласына 2,8 трлн теңге бөлінді, оның 1,2 трлн теңгесі – сақтандыру пакеті аясында. Бұрын бір адамға 56 мың теңге бөлінсе, қазір бұл көрсеткіш 163 мың теңгеге жеткен. Жеке клиникалар саны екі есе өсіп, 1268-ге жетті. Дәрігерлердің орташа жалақысы 454 мың теңгені, ал орта медициналық персоналдың жалақысы 236 мың теңгені құрайды. Компьютерлік томография мен магниттік-резонанстық томография саны 2019 жылмен салыстырғанда 7 есеге өсті. Статистика осылай сөйлегенмен, МӘМС жүйесі одан әрі жетілдіруді талап етіп отыр

## РЕФОРМА ЖАЛҒАСАДЫ

Жалпы 2024 жылы денсаулық сақтау саласына 2,8 трлн теңге бөлінді, оның 1,2 трлн теңгесі – сақтандыру пакеті аясында. Бұрын бір адамға 56 мың теңге бөлінсе, қазір бұл көрсеткіш 163 мың теңгеге жеткен. Жеке клиникалар саны екі есе өсіп, 1268-ге жетті. Дәрігерлердің орташа жалақысы 454 мың теңгені, ал орта медициналық персоналдың жалақысы 236 мың теңгені құрайды. Компьютерлік томография мен магниттік-резонанстық томография саны 2019 жылмен салыстырғанда 7 есеге өсті. Статистика осылай сөйлегенмен, МӘМС жүйесі одан әрі жетілдіруді талап етіп отыр.

Сейсенбі күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында бұл мәселені назардан тыс қалдырмады. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін реформалауды жалғастыруды тапсырды.

«Былтыр денсаулық сақтау саласының өзінде 140 миллиард теңгеден астам орынсыз шығын анықталып, тиімді жұмсалды. Демек жауапкершілікпен қараған кезде қосымша қаражат көзін де табуға болады. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін реформалауды жалғастыру керек. Сонымен қатар бірқатар заңнамалық шара қабылдау қажет. Үкімет Парламентпен бірге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру туралы заң жобасын жедел пысықтауы керек. Құжат осы сессияның соңына дейін қабылдануға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

**P.S:** ***Жетілдіру жұмыстары одан әрі жалғасатын болды. Заң жобасы қолданысқа енгеннен кейін МӘМС жүйесін жақсарту үшін атқарылатын нақты қадамдардың нәтижесін алда уақыт көрсетеді.***

**Маржан ЕРШУ**, ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының кандидаты:

# ӨЛЕҢІМ – ӨМІРБАЯНЫМ



**– Маржан Аманқосқызы, өзіңізді көзі қарақты оқырман тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде өнімді еңбектенген қаламгерлердің бірі деп біледі. Жақында «Кемел-Кітап» баспасынан «Қыпшақ Қоңыр», «Әйелдер галереясы», «Шығармашылық лаборатория», «Кітапхана педагогикасы: ертегітерапия», «Кадрия» атты бес бірдей кітабыңыз жарық көрді. Бес кітап бес түрлі жанрда екен. «Қыпшақ Қоңыр» деректі проза кітабыңызда ғұмырын мажар мен күллі түркі халықтарының бірлігі мен бауырластығы өрістеуіне арнаған белгілі түркітанушы, тегі қыпшақ мажар ғалымы Қоңыр Иштван Мандоки мен атыраулық Оңайша – Айша Мақсымқызының тоғысқан тағдыры және түркі дүниесінің алыптары мен тарих шежіресі туралы баяндалған екен. Қоңыр Иштван Мандокидің 80 жылдығына арналған бұл кітап оқырманға ұнайтын туынды болып шығыпты. Қоңыр қандай адам болған? Қандай сипаттама берер едіңіз?**

– Қоңыр Иштван Мандокидің болмысында рухани ақсүйектік қасиет бар. Бұлбұл құсқа ән шырқау қандай қажет болса, Қоңырға да ғылыммен айналысу, тамырын тереңнен іздеу идеясы өмірлік қажеттілік болды. Бар мен жоқ араласқан ащы-тұщылы өмірінде қуанышты да, ауыр азапты да көп көрді. Жеті ғасырдан соң қыпшақтық санамызды жаңғыртып, тарихтың құм астында қалған парақтарын аршып алып, жадымызға ізгілік нұрын септі.

**– Назарымызды аударғаны – «Әйелдер галереясы» мен «Шығармашылық лабораториясы» атты кітаптарыңызды поэзия падишасы Фариза Оңғарсынованың 85 жылдығына арнаймын» деп жазыпсыз...**

– Менің өлеңге құмартып, қолыма қалам алуыма Фариза ақынның мінезді жырлары әсер етті. Бұл күнде әйелдер поэзиясындағы Фариза салған мектептің өрісі кеңейді, құлашы өсті, табалдырығы биіктеді. Қиын да қызықты шығармашылық жолымда Фариза апайдың қолдауынан гөрі шетқақпай қылғанын көп көрдім. Мен бұған әсте қамыққан емеспін. Керісінше өлең көшінде «Фаризаның қайрағына» қайралдым. Осылайша әдебиетте өз жолымды таптым, өз соқпағымды салдым. Ақын болу – өзің болу, өлеңге өзіңше өң беру деген сөз. «Адамдық негізі – әйелден» деген еді заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов. Әуезов қазақ әйелі, қазақ қызы, қазақ анасының бейнелерін образдық тұрғыда шебер суреттеп, әдебиетте «Әйелдер галереясын» жасады. Әуезов дәстүрін кейін Ғабит Мүсірепов, Фариза Оңғарсынова бастаған т. б. қаламгерлер жалғастырды. Әдебиеттегі осы дәстүрін жалғастырып, мен де әйелдер әлеміндегі сан түрлі образды ашуды мақсат тұттым. Кітабым поэзия, проза, аударма, драма, сатира, публицистика секілді алты жанрдан тұрады.

**– «Шығармашылық лаборатория» кітабыңыздың да оқуға қызықты дүние екені даусыз. Жақында Людмила Улицкаяның «Қасиетті қоқыс» атты кітабын оқып шықтық, жазушы қай шығармасына қалай келгенін, қалай жазғанын айтады. Сіз де әр шығармаңыздың жазылуына не түрткі болғанына тоқталасыз. Жалпы бізде бұл бағытта жазылған дүние сирек.**

– «Шығармашылық лаборатория» – қаламгердің басынан кешкен қилы-қилы оқиғалардың жиынтығынан туатын шығармашылық процестер, жаңа шығарманың дүниеге келу тарихы. Бұл – тек қаламгердің өзі ғана сезініп, түсіне алатын дүниелер. Әр шығарма шығармашылық лабораторияда әбден қызып қайнайды. Оны қалай қайнату – қаламгердің өз еркінде. Яғни ми мен жүректің қызметі. Сонымен, бұл кітап не жайлы десеңіздер, бұл кітап – өзім жайлы, өлеңім жайлы, шығармаларымның өмірге келуі және бүгінгі әдебиет мәселесі жайлы. Өлеңім – өмірбаяным. Менің жазған шығармаларым белгілі бір себептермен жазылған екен. Әрқайсысының өзіндік қызық хикая тарихы бар. Демек өмір мен көңіл маған әсер еткені ғой. Шынында солай. Қадыр Мырза Әли «Жазмыш» кітабында: «Кейде ақын-жазушылар өздерінің шығармашылық лабораториясы туралы сыздықтап бірдеңе айтады. Бірақ қатпар-қатпар құпияларын аша түсуге олар да құштар емес» деп жазған екен. Ақын табиғаты деген не? Оның басқалардан айырмашылығы қандай? Осы сұрақтар кейде қойылып қалады. Дұрыс, қаламгердің шығармасы зерттелуі керек. Сонымен қатар қаламгердің жеке басының зерттелуі бізде әзірге жүзеге аспай жатыр деп ойлаймын.

**– Мұны біреулер өзіне жарнама деп ойлап қалмай ма? Сондай-ақ бұл кітаптан оқырман не жайында біле алады? Жалпы не береді деп ойлайсыз?**

– Жарнама деген – тәтті сөз. Бірақ бұл тәтті сөз әдебиетті айналып кетіп жатыр. Жақсы қаламгерлер бар, жақсы шығармалар жазылып жатыр. Бірақ насихаты жоқ. Сын жоқ. Тек мақтау бар. Ақпарат бар. Мақтау мен ақпарат бізге шығарма туралы не автор туралы маңызды мағлұмат бермейді. Қазір ақындар арасында «қара пиар да пиар» деген пікір қалыптасып кетті. Қара пиар тек ат шығару болса, оның әдебиетке әкелер пайдасы жоқ. Әдебиеттің құралы, тақырыбы, мәні – адам. Оқырман санасын ізгілендіру, үмітін ояту, көркемдік әлемін байыту бұл әдебиеттің ежелгі мақсаты емес пе?! Не болса соны тықпалап, әдебиет деген осы ғой деп насихаттау – оқырманды адастыру. Сол тұрғыдан қарағанда, мен бұл кітабымды жарнама үшін жазылды деп айта алмаймын.

**– Мысалы, Агата Кристидің детектив шығармаларын жазар алдында ваннада алма жеп отырған күйі қылмыс болған жерден түсірілген фотосуреттерге ұзақ қарап ойланатын әдеті болған екен-міс. Өзі ваннада отырады, қолында фотосуреттер және алма жеп отырады, бұл деген адам таңғаларлық нәрсе, бірақ жазушының осы біртүрлі мінезінен қаншама шығарма туды. Ф.Достоевский «Жеткіншек» романының негізгі сюжетін алдымен түсінде көрген дейді. Ағылшынның ұлы жазушысы Чарльз Диккенс те әуелі түс көріп барып жазуға отырған деседі. Мұндай мысалдар көп. Шынымен де, ақындардың әр өлеңінің жазылу тарихы болатын секілді, өзіңіз осыған мысал келтіре аласыз ба?**

– 2003 жылы ақын һәм батыр бабамыз Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті. Сол жылы Махамбет туралы поэма жазсам деп ойлап жүрдім. Бірақ неден бастарымды білмей қиналдым. Сондай күндердің бірінде түс көрдім. Ол түс киіз үй ішіндегі Махамбеттің трагедиялық өлімі туралы. Бұл түсім маған қорқынышты кино сияқты қатты әсер етті. Осы түсімді «Бас» деген өлеңге айналдырдым. Бұл менің Махамбет туралы поэмамның ең алғашқы болып қағазға түскен бөлімі еді. Осыдан кейін қаламым жүріп кетті. Бірақ өкіністісі, осы поэмамнан кейін бір топ атыраулық ақындар жабылып, «Махамбет» поэмамды және барлық өлеңдерімді бар бояуынан айырып, бүлдіріп, кітап қылып шығартты, бірнеше басылымға жариялатып, кітапханаларға таратып жіберді. Бұл жағдайлар мені қатты қапаландырды. Бірақ содан кейін өршеленіп, жазғыш боп кеткен жоқпын ба?..

**– Қадыр ағамыз «Жазмыш» кітабында: «Шынында, автордың өзі жан-жақты зерттелуі тиіс. Мінез-құлқы қандай? Қандай қағазға, немен жазады? Көп түзете ме? Ол қалай тамақтанады? Қалай демалады? Киімді қалай киеді? Аяқ киімі қалай тозады? Байсалды ма? Күйгелек пе? Тағысын тағы, толып жатқан сұрақтар. Бұл сұрақтарға қайтарылған жауаптардан ақын-жазушының табиғаты, болмысы ашылмақ» деп жазған ғой.**

– Қадыр аға дұрыс жазған. Мен ол кісіні ақын ғана емес, философ деп бағалаймын. Өйткені ол өз заманынан елу жыл бұрын жүріп, озық ойларын айтып кетті. Әр ақын-жазушы – жеке адам. Өз көзқарасы, өз таным-түсінігі бар. Бірақ бұл күнде біреудің көзқарасымен қарап, біреудің танымымен өлшейтін қаламгерлер көбейіп барады. Бұл жақсы емес. Әдебиет үшін жақсы емес. Өзіндік мінезі жоқ қаламгерде өзіндік көзқарас қалыптаспайды. «Бәленшекең не айтып жатыр, мен де солай ойлаймын ғой» дей салады. Мінезі жоқ ақыннан оның табиғаты мен болмысын іздеп шаршаудың керегі жоқ шығар. Мінез деген қолға таяқ ұстап алып айқайлап шабу ма, жоқ, олай емес. Мінез – мінезден. Қазір кейбір ақындар «мен ақынмын, оқырман емеспін ғой» деген сөзді көп айтады. Модный сөз деп, дәреже көтеретін сөз деп ойлайтын шығар олар, білмеймін. Ақын оқырман ғана емес, сыншы да болуы керек.

**– «Кітапхана педагогикасы: ертегітерапия» кітабыңыз ұлттық тәрбиеге негізделген тұңғыш әдістемелік құрал ретінде кітапханашылар мен педагогикалық сала мамандарына арналып отыр екен. Қазір кітап оқу мәселесі қоғамдағы күрделі мәселеге айналды. Ертегітерапияның кітап оқу тәрбиесінде қаншалықты маңызы бар?**

– Ертегі – халық педагогикасының ең қуатты тәрбиелік құралы. Ертегі – көркем әдебиетке баулу, баланы тәрбиелеуге арналса, ертегітерапия – сол тәрбие арқылы баланың көзқарасын бағдарлау, ішкі әлемінен хабардар болу және ой-қиялын дамыту, жанын емдеу тәсілдері. Жаңа ғасырдың жетістіктерімен қоса, өз қиыншылықтары да жыл өткен сайын көбейе түсуде. Ашығын айтсақ, «Ертегітерапия» – оқитын ұлт қалыптастырудың алғышарты.

**– Әдебиеттің бүгінгі жайы, ахуалына қандай баға берер едіңіз?**

– Әдебиет әлемінде бір толқу, қуатты қозғалыс бар. Қазақ талантқа кенде болмаған. Жаңа ғасырдағы әдебиет өкілдері де осы жағынан өзін танытып келеді. Қазіргі жас қаламгерлер шетел әдебиетіне көбірек ден қояды, данышпандық ойлар тек сол жақта екен деп ойлайды. Алдыңғы толқын өкілдерін социалистік реализм өкілдері, ортаңқол ақын-жазушы деп бағалай салады. Өткенге құрмет сезімі төмендеп кетті. Ауыз әдебиетінен алыстап барамыз. Нағыз ұлттық құндылық фольклорда емес пе?! Осы тұрғыдан алғанда, Қадыр Мырза Әлидің сөзін сәл өзгертіңкіреп айтсақ, «Өзге әдебиеттің бәрін біл, өз әдебиетіңді құрметте» дер едім.

**– Эпик ақынсыз. Бірақ тек өлең, поэмалар емес, бірнеше жанрда жазасыз. Мысалы, драма жанрына қалам тербеуіңізге не себеп? Сосын өзіңіз осының бәріне қалай үлгересіз?**

– 2004 жылы «Шырақ» деген кітабымды шығардым. Белгілі режиссер Болат Атабаев сол кітабымды оқыған екен. Маған «Сен поэзияда неғып жүрсің? Сен драматургияның адамысың ғой. Сенің мына кітабыңдағы шұбатылған поэма, ертегі-аңыздарыңды оқып шықтым. Композицияны жақсы құрасың, сюжетті ойната аласың. Бұл – ақындарда сирек кездесетін қасиет. Маған бір драма жазып берші» дегені. Бұл сөздерді естігенде өзім қатты таңғалдым. Содан арада бірнеше жыл өткен соң драмалар жаза бастадым. «Динаның домбырасы» мистикалық-музыкалық драма, «Исатай-Махамбет» тарихи драма, Айша бибі мен Қараһан туралы «Махаббат туралы аңыз» мюзиклін жаздым. «Динаның домбырасы» атты драмам келер айларда көрерменге жол тартпақшы деген хабар бар. Жақында «Фаризаның қаламы» деген поэтикалық драма жазып бітірдім. Бұл драманың басты кейіпкерлері – Фариза, ақынның анасы Халима, Меңдекеш, Қабиболла, Әбіш, Клара, Ақұштап және алпысыншы жылдардағы Фаризамен қаламдас, қанаттас болған көрнекті поэзия өкілдері. Хиуаз Доспанова туралы «Қыранның күлкісі» психологиялық драма, «Қожанасырдың шапаны» атты сатиралық драманың жөн-жобасын қағазға түсіріп қойдым. Алдағы уақытта қолға алатын жұмыстар бар десе болады. Жұмекен, Бопай ханым туралы да ойларым бар.

**– Үнемі шығармашылық қозғалыста болатын қаламгерге жаңа идея да жақын жүретін болу керек, сурет өнері және музыка бағытында да шығармашылық ізденіс-байланыстарыңыз байқалады.**

– Белгілі суретші Камила Жапалова «Дина», «Хиуаз» атты поэмаларыма картина салды. Атыраулық композитор Болат Қоқамановтың оншақты әніне сөз жазып едім. Соның ішіндегі ең танымалы «Атырау қаласының гимні» болып тұр. Келер жылы осы әннің шыққанына 30 жыл толмақ. Арман Жайым деген керемет композитор бар. Классикалық музыкалар жазады. «Бейбарыс» операсы, «Алпамыс» балеті сияқты т. б. үлкен еңбектері бар. Музыка саласында ертеректе Н.Жұбаниязовтың «Махамбет» операсы жазылды. Өнер тақырыбында жазылған туындыларда көбінесе Махамбеттің образы бар да, Исатайдың образы жоқ. Шындығын айтсақ, екеуі біріншбірі толықтырып тұратын тұлға ғой. Исатайсыз Махамбет жоқ, Махамбетсіз Исатай жоқ. Осыны ойлап жүретінмін, содан Арман Жайымға ұсыныс айттым «Исатай-Махамбет» деген опера жазсаң, мен либреттосын жазып берем деп. Сен әуелі либреттосын жаз, мен соған музыка жазайын деді ол. Сонымен іске кірісіп кеттік. Айтқали Жайымов ағамыз бұл жайында естігенде, «Мен сендерге кеңесші боламын, операның атауы «Қайран Нарын» болады» деді. Қазіргі уақытта «Қайран Нарынның» бірінші актісін (либреттосы мен музыкасын) жазып бітірдік. Енді екінші акт бойынша жұмыс істеудеміз. Бұл жаңашыл туынды болар деп ойлаймыз.

**– Жақсы жаңалықтарыңыз баршылық екен. Осылай істесем деген арманыңыз көп шығар?**

– Арман деген кісіде көп болады. Осы кезге дейін мемлекеттік тапсырыспен бір кітабым да жарық көрмеді. Екі рет комиссия өткізбей тастады кітабымды. Бірде қаражат тауып, бірде баспа тапсырысымен 20-ға жақын кітаптарым шықты. Бұл кітаптарымның тиражы аз болғандықтан, республикалық кітапханаларға таралмады. «Махамбеттің жарығы» деген жыр кітабымның қолжазбасын дайындап жатырмын. Шамасы 40 баспа табақтай. Өлеңдер, поэмалар, ертегі-аңыздар, аудармаларым топтастырылған. Шығармаларымда Махамбет тақырыбына қайта айналып келе беруім де жайдан-жай емес шығар деп ойлаймын. Махамбет бабамыздың «Өтемістен туған он едік» деп басталатын атақты өлеңі бар емес пе? Өтемістің оныншы ұлының аты – Досмаил. Менің анам Алтын – осы Досмаилдан тарайтын ұрпақ. Сонда мен Махамбет бабамызға жиеншар болып келемін. Содан ба, білмеймін, Махамбет тақырыбы маған жақын әрі оңай жазылады. Мені алға қарай жетелеп, батыр бабам аруағымен желеп-жебеп жүргендей болады.

**– Әңгімеңізге рақмет! Шығармашылық табыстар тілейміз.**

**Сұхбаттасқан
Жадыра ШАМҰРАТОВА**

# БАТЫРДЫ ТАНЫТАТЫН ТУЫНДЫ

Астана қаласы Мемлекеттік архиві Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Даңқ» орденінің толық иегері Әлмұқан Сембинов туралы «Тағдыры тарихқа айналған...» атты кітап дайындап жатыр.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Батырдың ұрпақтары құжаттарын қалалық архив қорына тапсырған еді. Кітаптың жазылуына байланысты қазір құжаттар әлі де жинақталу үстінде.

Әлмұқан Сембинов 1924 жылдың 21 сәуірінде Ақмола облысы Жаңабірлік ауылында туған. 1942 жылдың ақпанында қызыл әскер қатарына шақырылып, 1210-атқыштар полкының барлаушылар взводына қосылып, соғыстың соңына дейін алғы шепте соғысқан. 1-інші және 3-інші Беларусь майданында қатардағы жауынгерден барлаушылар взводының командиріне дейін өсті. 1944 жылдың жазында Беларусь жерінде Днепр өзенінен алғашқылардың бірі болып өтіп, Быхов қаласын азат ету үшін болған шайқаста ерен ерлігімен көзге түсіп, III дәрежелі «Даңқ» орденімен, соңынан «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды. 1944 жылдың жазында Кулеше елді мекені маңында болған ұрыста ерлік көрсеткені үшін II дәрежелі «Даңқ» орденін иеленді. Ал соғыстың аяқталуына аз күн қалғанда, 1945 жылдың 17 сәуірінде Одердегі Франкфурт қаласынан оңтүстік-батысқа қарай орналасқан Мюльрозе елді мекеніндегі шайқаста Әлмұқан Сембинов 9 фашистті тұтқынға алды. Өзі жараланса да, бөлімшеге басшылық етуді тоқтатқан жоқ. 22 сәуірде, 26 сәуірдегі ұрыстарда да Сембинов ерлікпен көрінді. 1945 жылдың 15 мамырындағы КСРО Жоғарғы Кеңесі алқасының жарлығымен Сембинов I дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталып, осы орденнің толық иегері атанды. Соғысты Әлмұқан Сембинов Эльба өзеніндегі Рудерштат қаласында аяқтады. 1945 жылдың желтоқсанында әскерден босап, Ақмола қаласына оралды. Қалалық партия комитетінің нұсқаушысы, қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істеді. Қазіргі «Астаналық» саябақта болған балалар теміржолы кезінде Сембиновтің бастамасымен салынды. Жоғары партия мектебін, 1951 жылы Абай атындағы Алматы педагогика институтын бітірді. Тарихшы мамандығын алып шығып, сол жылдары Целиноградта жаңа ашылған құрылыс техникумының ең алғашқы директоры болды. Ақмола-Павлодар теміржолы құрылысы саяси бөлім жетекшісінің орынбасары, ал өмірінің соңғы жылдары Көлік жолдары министрлігінің оқу комбинатын басқарды.

# ПОЛКОВНИКТІҢ АРМАНЫ

**Шекарашы-жауынгер, Ауған еліндегі соғысқа қатысқан полковник Қалиәскер Қасымұлы Джантемиров бала кезінен әкесіндей әскери адам боламын деп ержетеді.**

Әкесі Қасым Әділұлы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Солтүстік майданның Заполярье мен Мурманск бағытындағы 112-атқыштар полкі мен 52-атқыштар полкі құрамында соғыста болады. Осы шайқаста ол басынан қатты жарақат алып, госпитальда емделеді. Кейіннен Волхов және Сталинград маңындағы майданда ерлікпен шайқасып, екі аяғынан жараланып, Челябинск қаласындағы госпитальға түседі. Жеңіспен елге оралғаннан кейін Көкшетау облысының Чкалов ауданында аудандық әскери комиссариаттың басшысы болады. Майдандағы ерлігі үшін «Қызыл Ту» және «Ұлы Отан соғысының II дәрежелі» орденімен наградталған. Міне, майдангердің осындай ерлігіне еліктеп өскен бала Қалиәскер әкесінің әскери формасын киіп алып, әкемдей Отанымды қорғасам деп қиялдап өседі. Содан бері қаншама жыл өтті, бала Қалиәскер ержетіп, өзі де Отанын қорғап, шекара күзетті. «Әскери қызмет – Отан алдындағы қасиетті парызым» деп алдына үлкен міндет жүктеді. Бұл ой әкесі Қасымның өмірден өтер алдында баласына жазған ақтық хатынан кейін әке аманатын орындаймын деген ойдан туындаған еді. Сонда әкесінің хатында былай деп жазылыпты:

«Ұлым, Қалиәскер! Сенің арманың менің жолымды жалғастыру болды. Әскери маман болғың келді. Ол үшін қандай болуың керек, айтып өтейін: әскери адам болу үшін, бірінші, өзіңе де, айналаңа да адал болуың керек. Туған Отаныңды сүйіп, оны қастерлеуің абзал. Отанды сүю – әрқайсымыздың перзенттік парызымыз. Қасиетті байтақ даламызды шайқастарда қорғаған батыр бабаларымыздай біз Отанымызды қорғауымыз керек. Олар тәуелсіздікті аңсады, біртұтас, қуатты мемлекет құруды армандады. Біз сол тәуелсіз мемлекетімізді сақтап, сендерге табыстадық. Енді сендер сол тәуелсіздігімізден айырылмай, қазақтың туын биік ұстауларың керек. Отан деген тек туып өскен жерің ғана емес, ол – сенің ата-бабаларың, отбасың, тұрып жатқан кең байтақ жерің. Ақ жаулықты анасы бар алтын бесігің, құрметті ата-анаң, бірге өскен достарың, сүйікті жарың, туған балаларың! Осыны ұмытпа, балам!» депті. Осылайша, Қалиәскер Джантемировтың өмір жолын ести отырып, әкесінің айтқанын екі етпей орындағанының куәсі болдық.

Қалиәскердің анасы да тегін адам болмапты. Анасы Бопаш Мырзахметқызы ерекше жан дейді. Ауылдағылар ұлағатты ұстаз деп құрметтепті. Анасының білімі мен өнері талайды тамсандырған. Домбырамен әнді өте тамаша айтыпты. Әншілік қасиет оған өзінің анасы Ақши Нұрсейітқызынан дарыған. Анасының өнерге деген дарыны мен ұстаздық қызметі жайлы кезінде «Жұлдыз», «Мәдениет және тұрмыс» журналдарында да жазылыпты. Әкесі Қасым да өнерімен талайды тамсандырған екен. Әкесі мен анасы бірге қосылып ән салғанда, бүкіл ауыл-аймақ тыңдаған деседі. Қалиәскер Джантемировтың әпкесі Сайрам да музыкаға әуес болыпты. Ол баянда жақсы ойнапты. Бүгінде ол кісі өмірде жоқ. Дегенмен қазір қасында жүрген Айман, Шолпан, Мәдина мен Дариға апалары ағалары Қалиәскермен балалық шағын еске түсіріп, өткен күндердің мағыналы да мазмұнды болғанын жарыса айтады. Аяулы анасы Бопаш



> Қалиәскер Қасымұлы «Ерен еңбегі үшін» және «Ұлттық қауіпсіздікті сақтау еңбегі үшін» медалімен, құрмет грамоталарымен, армия генералдары Сағадат Нұрмағамбетов пен Бауыржан Момышұлының медальдарымен марапатталған

46 жасында сегіз баламен жесір қалады. Қиындықтарға қарамай, балаларын оқытып, жоғары білім беріп, аяққа тұрғызады. Ардақты ана Бопаш Джантемирова Кеңес Одағының «Ана даңқы» орденінің II, III дәрежелі, «Ана» медалінің I, II дәрежелі медалімен марапатталыпты. Міне, осындай ата-анадан туған Қалиәскер Қасымұлы жылдар өте өзінің отансүйгіштік қабілеті мен өнерге деген құлшынысын айналасына таныта білді. Бала кезінде скрипкада, күйсандықта ойнауды үйренеді. Мектепте оқып жүргенінде көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, белсенділік көрсетті. Мектептің мақтанышы болды.

1965 жылы Қалиәскер Қасымұлы Алматыдағы Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанындағы шекарашылардың Дзержинский атындағы жоғары әскери училищесіне түскенінде де көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, қатарластарының алды болады. 1969 жылы училищені бітіріп, Мақаншыдағы шекарашылардың Қызыл жұлдызды шығыс округінде әртүрлі қызметте – саяси бөлімде, одан кейін шұғыл бөлімде бастықтың орынбасары болады.

«Өздеріңіз білесіздер, ол кезде екі ел билігі – КСРО мен Қытай арасындағы шекара сызықтарына қатысты келіспеушілік көп болды. Даулар мезгіл-мезгіл қарулы қақтығыстарға ұласты, олардың ішіндегі ең ірілерінің бірі – 1969 жылдың тамызында Жалаңашкөл маңында болған жанжал. Осы кезеңде біз өз міндетімізді мүлтіксіз атқардық. Бұл мәселелер еліміз тәуелсіздік алып, Қазақстан мен Қытай арасында 1994 жылы 26 сәуірде Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы келісімге қол қойылғаннан кейін ғана шешілді» дейді Қ.Қасымұлы.

Осы әңгімені айтып отырғанда Қалиәскер Джантемировтың жұбайы Сайра Джантемирова да өткен күндерді еске алды.

«Жолдасым шекара күзетінде болғанда күн-түн демей, үй көрмей, ел іргесін жан аямай қорғады. Кей кезде түнгі сағат екі-үштің кезінде келетін. Үй көрмеген кезі көп болды. Етімді асып, күні бойы сарғайып тосқан күндерімді қалай ұмытайын?! Бүгінде осы жайлар кино лентасындай көз алдымнан өтіп жатады. Біз оның қызметіне байланысты қайда болмадық! Тіпті Мәскеу, Алматы, Владивосток, Ашхабад, Мақаншыға барғанда да балалармен қасында бірге жүрдім. Ауған жеріне шекараны қорғауға аттанғанда оны іздеп барған кезім де болды. Қай жерге барса да мен қызметтен қалған жоқпын. Мамандығым ағылшын пәнінің мұғалімі болғандықтан, қызметке орналасу маған қиын болған жоқ. Тек мектепте оқып жүрген балаларымыз Талғат пен Тимурға қиын болды. Тимурымыз 10 жыл ішінде 7 мектеп ауыстырды» дейді шекарашы-жауынгердің жұбайы.

Қалиәскер Джантемиров зейнет жасына келіп, құрметті демалысқа шыққаннан кейін де бос қарап отырмады. Бірден басқа қызметке жұмысқа шығады. Астанадағы «Заслон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің күзет бөліміне қызметке орналасады. Астана қалалық, Сарыарқа аудандық Ардагерлер кеңесінде қоғамдық жұмыстармен айналысады.

Мен бұл кісіні алғаш рет 2008 жылы көрдім. Ол жылдары құрметті демалысқа шыққан едім. Сарыарқа ауданындағы Ардагерлер кеңесіне келіп тіркеліп, қоғамдық жұмыстармен айналыса бастағанымда Қалиәскер Джантемировпен таныстым. Ол – Сарыарқа ауданы Ардагерлер кеңесінің тұңғыш төрағасы. Осы кезде Қалиәскер Қасымұлы қалталылардан көмек сұрап, талай отбасына қамқор болды. Аудан ардагерлері оны ерекше құрметтейтін! Полковникпін деп кеуде көтермей, аудан ардагерлері алдында қарапайымдылық танытып, олармен бірлесіп жұмыс атқарып жүрді.

Мінезі биязы, қарапайым, мәдениетті, көпшіл, айналасындағыларды адамгершілігімен тартады. Аудан ардагерлерінің басын қосып, үлкен-үлкен жобалар жасап, түрлі кештер өткізуде белсенділік көрсетіп жүрді. Осы күнге дейін Астана қалалық Ардагерлер кеңесінде әлеумет-тұрмыс бөлімінің жетекшісі болса, Сарыарқа аудандық Ардагерлер кеңесінде президиум мүшесі. Жасым келді деп қарап отырмай, зыр жүгіріп жүреді. Барған жерінде сыйлы, беделі жоғары, басшылардың да тілін тауып, сөзін өткізе алады.

«Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?» десем, «Менде бос уақыт жоқ. Қызметім, екі ауданның Ардагерлер кеңесіндегі қоғамдық жұмыстарым, одан қалды негізгі жұмысым, апа-әпкелерімнің, олардың балаларының шешімін таппай жатқан шаруаларына көмектесемін. Той-томалақтар ұйымдастыруға араласамын. Сайра да, мен де үлкен болғандықтан туған-туыстарымызға қамқор боламыз» дейді өзі.

Қалиәскер Қасымұлы «Ерен еңбегі үшін» және «Ұлттық қауіпсіздікті сақтау еңбегі үшін» медалімен, құрмет грамоталарымен, армия генералдары Сағадат Нұрмағамбетов пен Бауыржан Момышұлының медальдарымен марапатталған.

Арман – адам бойындағы ізгі ниет. Ол үнемі пендені алға жетелеп, ерлікке, батыл істерге бастайды. Кейіпкеріміз полковник Қалиәскер Қасымұлының бала арманы орындалғанына біз де куәміз. Шынында, арман кім-кімге болсын орасан күш-қуат пен ерік-жігер сыйлайтын құдірет екен!

**Ғалия БАЛТАБАЙ,**
**Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері,**
**«Құрмет» орденінің иегері**

23 қаңтардан бастап Рамазан Амантайдың «Мәди in China» комедиялық киносы Қазақстандағы барлық кинотеатрдан көрсетіле бастады. «Оралман емес, оянған жастар киносы бар қазаққа арналады» деп жар салған соң біз де алғашқылардың бірі болып аталған киноны көріп қайттық. Киноның тіліне тиек еткен негізгі тақырыбы қазақтың ішкі бірлігін нығайту, әлемнің әр түкпірінде тарыдай шашылып жүрген қазақты атажұртқа жинау болғанмен, киноның тілі, ондағы анайы сөздер мен «артық қылам деп тыртық қылған» тұстары көңілімізді күпті етті.

# КҮЛДІРЕМ ДЕП БҮЛДІРМЕ!

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**




Киноның бар қазақтың басын атажұртта қосу, қазақты қазақ кемсітпесін деген идеясы дұрыс болғанмен, сол ойын айту үшін шетелден келген қандастарды сайқымазақ етіп, түк түсінбейтін надан, аяғын күс басқан арам етіп көрсетудің, керек десеңіз, көлденең көк аттының аузында жүрген «ел басына күн туғанда ата-бабасы қашып кетіп, Қазақстан тәуелсіздік алғанда дайын асқа тіккасық болды» дейтін бұралқы сөзге дейін алып келіп, экраннан айтқызудың қажеті қанша?! Ең бастысы, бұл комедия тақырыбына сұранып тұрған идея ма еді? Керісінше, қазақтың жылап отырып айтатын тағдыры еді ғой. Ендеше соны арзан күлкіге айналдырып, қандастарды күс аяқ, тесік нәскимен қызға баратындай бейшара халде көрсету, «Қытайдан адам көшкенмен, адамнан Қытай көшпейді», «киіз үйде тұрасыңдар ма, малдан басқа не бар сендерде?» деген ойсыз, мағынасыз диалогтар мен «қу қытай», «моңғол» деп «атын тергеудің», «пигуыңды айырайын» сияқты боқтаудың астарында не мақсат жатқанын түсіне алмадық. Қытайша айттың не, қазақша айттың не, ел экранынан «к...і айырам» деп боқтау ұлттық дәстүрге де, қазіргі заманғы этикаға да сыймайтынын қарапайым адам түсінсе керек. Тіпті қытайдың тілін қыңсылатып осы фильмге қосудың қажеті қанша?! «Оралмандар жаман арам болады, ә, көшіп келген кезде не малы, не үйі жоқ еді, бір жылдан кейін үй салып алды, қора-қора малы болды» деп мақтап тұр ма, даттап тұр ма? Бұл сөздерді кино авторының оралмандарды қаралау үшін ойдан әдейі шығармағанын, керісінше, көп аузында жүрген көлденең сөздерді жиып әкелгенін біз де түсініп отырмыз. Бірақ көше тілімен кино жасауға, бұралқы сөз, бос әңгімемен бәрін бас шұлғытатын бітімді ой айтуға бола ма? Мәселе сонда. Киноны көрген жастардың күлкіге қарық болып, жоғары бағалап жатқанын байқадық. Талғамға талас жоқ. Бірақ ұлттық құндылық, өнер тұрғысынан, тілі мен ішкі иірімі жағынан алып

> Кино – бүтін ұлтты ұйытатын, сол арқылы жас ұрпақтың санасына әсер ететін күшті қару. Әр халықтың ұлттық болмысы, тарихы, салт-дәстүрі, діни ұстанымы, әлеуметтік жіктелісі бар. Әсіресе дәл қазіргідей қазақ қоғамы шетелдік сериалдарды тамсана тамашалап, жастардың санасын бөтен жұрттың мәдениеті жаулап жатқан тұста ұлттық киноға көңіл бөлудің маңызы сәт сайын артып тұр

қарасақ, бұл киноны «баланың ойыны, бақсының жыны» деп бағаласақ та болатын секілді.

Аталған киноны көріп отырып, депутат Жанарбек Әшімжанның Парламент мінберіндегі «Экран мен эфирде көшенің тілі үстемдік алды» деген жанайқайы есіме түсті. «Кино – бүтін ұлтты ұйытатын, сол арқылы жас ұрпақтың санасына әсер ететін күшті қару. Әр халықтың ұлттық болмысы, тарихы, салт-дәстүрі, діни ұстанымы, әлеуметтік жіктелісі бар. Әсіресе дәл қазіргідей қазақ қоғамы шетелдік сериалдарды тамсана тамашалап, жастардың санасын бөтен жұрттың мәдениеті жаулап жатқан тұста ұлттық киноға көңіл бөлудің маңызы сәт сайын артып тұр» деп сөз бастаған халық қалаулысы «найзағайдың отына нан пісіріп жатқан қазіргі кезеңде кино бірінші кезекте бизнес емес, өнер, ұлттық ұстаным миссиясын атқаруы керек. Сондықтан режиссерлер мен сценаристер ең әуелі кинофестивальдардан сыйлық алуды емес, киноның ұлтқа әкелер пайдасын, ұрпаққа берер тәлімін көбірек ойлағаны лəзім» дейді. Сонымен қатар киноның тіліне айрықша тоқталған ол «бала-шағамызбен қатар отырып фильм көрсек, бетіңнен отың шығып, кірерге тесік таппайсың. Анайы эпизодтар мен сүйегіңнен өтетін бейпіл диалогтар, шұпшұбар тіл, атыс-шабыс, жадағай жаргон сөздер, одан қалса әр жерден ұрлап-жырлап, көшіріп алған инкубатор-фильмдер. Керек десеңіз, мұндай теріс имидж тудыратын фильмдер ақылесі түзу жұрттың ашуын туғызуда. Қатаң сүзгінің жоғынан қазақтың көркем де шұрайлы тілі күйреп жатыр. Экран мен эфирде көшенің тілі үстемдік ала бастады. 2024 жылы қазақстандық 90 фильм прокатқа шығыпты. Соның 56-сы – комедия. Күлдіреміз деп бүлдіріп жатырмыз. Жалпы қазір күлетін кезең бе?» деп ой тастайды.

